



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



TÜRKi

ӘЛЕМІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№2, 3 (ақпан-наурыз, 223-224) 2021 жыл

Меншік иесінің атауы қана.



Газет 2000 жылдың шілдесінен айына бір рет шығады
ИНДЕКСІ: 65862

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп,
29.12.2000 жылы №1672-Г куәлігі берілді.

«Europrint» баспаханасында басылды. Мақала авторларының пікірі үшін редакция жауап бермейді. Компьютермен терілген бес беттен артық мақалалар қабылданбайды. Газет Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Таралымы – 15 000 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН ЖАЙЫ:

Индекс 050012, Алматы қаласы,
Байтұрсынов көшесі, 145/26,
Ғабдуллин көшесінің қиылысы
Тел.: 8(727) 292-29-36, 292-74-40

e-mail: thmv_almati@mail.ru www.turkvakif.com

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Дариға ЖҮНІСОВА
Ислам ЖЕМЕНЕЙ
Ахмет ТОҚТАБАЙ
Жарылқасын БОРАНБАЕВ
Әлима СҚАҒИҚЫЗЫ
Тамара СУРА
Мақсұтхан ЖАҚЫП
Гаухар АСҚАРОВА

Редактор:

Арман ӘУБӘКІР

Техникалық редактор:

Фарида ТУҒАНБАЙ

Корректор:

Қарлығаш САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

ГАЗЕТИМІЗДІҢ ӨЗГЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ:

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Айфер АКСУ
Байланыс: телефондары: Анкара - 90312 4183479,
90555214 0244 ұқалы тсз.

Белгес: Түркиядағы өкілі (Греша) Абауқалим ДЕДБ, «Тракия үні», FM Радиосының өкілі Байланыс телефондары: 0030697811133, e-mail: dede@otenet.gr

Анкара (Түркия) қаласындағы өкілі Шемсеттин КУЗЕДЖИ, Түрік елінің Жастар қоғамының басшысы, Керуек газетінің өкілі, Кемал Коч Мугла Сытқы қолма университетінің доценті – Байланыс телефондары: Анкара – +905412634844, e-mail: kenankoc2030@hotmail.com, www.kenankoc.com Стамбул (Түркия) қаласындағы өкілі Ахмет ТУЗУҢ, Жастар спорт комитетінің басшысы және жөніндегі кеңесшісі. Байланыс телефондары: 905336367050, e-mail: ahmettuzun2000@yahoo.com Румыниядағы өкілі Гольден ИСМАИЛ, Жас газеті мен Костике радиосының өкілі Байланыс телефондары: 004 078 413 93 14, e-mail:

Меншік иесі:
**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ
МӘДЕНИ ҚОРЫ**
Президенті және
«Түркі Әлемі» газетінің
Бас редакторы –
АХМЕТ ДАҒДҰРАН

Түркі халықтары Әйелдер
комитетінің төрайымы –
Дариға ТҮРЛЫБЕК



МҰЗБАЛАҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИ

Бәріміздің де ақын өлеңдерін оқыған кезде бойымызды патриоттық сезім билеп кететіні сөзсіз. Өрбір өлең, өрбір шумақ, өрбір қатар әр адамның жүрегін елжірететіні де сөзсіз. Ақынның өлең үшін жаралғаны, оның құдіреті осыдан-ақ білініп тұрады.

Биыл міне, 2021 жылы ақынның туғанына 90 жыл толып отыр. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегендей, дүниеден ерте озса да артына жүздеген асыл қазына қалдырып, өз атын тарихта алтын өріптермен, мәңгілік жазып қалдырып кетті. Оның «Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін» деген асыл сөзі оның бар өмірінің өз өлеңдерінде суреттелгенін, жаны мен өлеңнің егіз екендігі, бір-бірінен ажыратуға болмайтындығына дәлел.

Ұлы ақынға өз шығармашылығымнан өлең жолдарын арнасам:

Жүрек сырын ақ қағазға түсіре білген,
Сегіз қырлы, бір сырлы көңілменен.
Нағыз аңыз, нағыз ақын Мұқағали
Сендей жандар ғасырда бір туады екен.
Шын бақытты сезінген өлеңменен,
Қырандайын шың басына шыға білген.
Ақын жаны паһ шіркін, керемет қой,
Таба білген өмір мәнін өлең-сөзбен!

Қаншама жастарға үлгі болып, өшпес үлгі-өнеге қалдырған Мұқағалиды «ғасыр ақыны» деп атасақ та артық етпейді.

**Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің шет тілдер кафедрасының аға оқытушысы Кайрақбаева Г. С.
Қоғамдық денсаулық сақтау факультетінің студенті: Қаратаева Мөлдір Қазбекқызы**

Мұқағали Мақатаев – қазақтың лирик ақыны, өлеңді жан серігіне айналдыра білген қайталанбас тұлға. Балалық шағы соғыс, аштық әрі қиын-қыстау кезеңдерде өткендігіне қарамастан, әуен-жырға деген талпынысы зор болған. Өз өлеңдерінде халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, қуаныш пен қайғы туралы шумақтардан бастап, табиғат пен махаббат сынды тақырыптарды да сөз етеді және оны оның күллі шығармаларын шынайы шабыттың нәтижесі деуге болады.

Ақын 1931 жылы Алматы облысы, бұрынғы Нарынқол ауданында дүниеге келген. Өмірі тура қиын кезеңдер мен соғыс жылдарына тап болады. Оның «Ақулар ұйықтағанда», «Ақ қайың өні», «Большевиктер» сынды көптеген поэма-толғаулары бар. 650-ден астам өлеңдерінде сұлулық пен әсемдік, ерлік пен батырлық, туған жер, махаббат пен әлем турасында терең толғанып, оқырманды қызықтыра білген. Мұқағали не жазып, шығарса да шын көңілімен, бар ықыласымен орындап, мазмұнды терең жеткізе білген.

Мұқағали өлеңдері – қазақ поэзиясы мен әдебиетінің жаңа бір белеске көтеріліп, кемелдене түскендігінің айғағы. Өйткені оқушының жүрегіне жол тауып, жырдың терең мағынасын оңай жеткізе білу екінің бірінің қолынан келе бермейді.